

Алматы қаласы, Манас көшесі, 32а мекен-жайындағы үй туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1129

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 Р981141_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы реттік нөмірі 392-жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті сот органдары 1999 жылғы 21 қазандағы N 228 пд/15 іс бойынша Алматы қалалық сотының ұйғарымын қадағалау тәртібімен арызды қарау нәтижесі бойынша Алматы қаласында Манас көшесі, 32а бойынша орналасқан үйді мемлекеттік меншік құқығы деп таныған және/немесе

көрсетілген үйге мемлекеттік меншік құқығын тану туралы өзге де сот кесімдерін шығарған жағдайда оны Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.,

Орынбекова Д.К.